

2012 жылы ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 13 қаңтардағы N 10 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Бесқарағай ауданындағы Әділет басқармасында 2012 жылғы 27 қаңтарда N 5-7-109 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 15 қаңтардағы N 14 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық әкімдігінің 2013.01.15 N 14 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31-бабы 1-тармағы 13) тармақшасының, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 Заңының 7-бабы 5) тармақшасының, 20-бабының, «Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» заңын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысымен бекітілген қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру Ережесінің, «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсандағы № 1788-ХІІ Заңының 2-бабының негізінде, жұмысқа орналасуда қиыншылық көріп отырған халықтың әр түрлі топтарын қолдау және мемлекеттік кепілдіктер жүйесін кеңейту мақсатында, Бесқарағай аудандық әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған 2012 жылы ақылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізімі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі, қаржыландыру көздері және нақты жағдайлары бекітілсін (қосымша).
2. Қатысушылардың еңбек ақысының мөлшері ең жоғары радиациялық қауіпті аймақта тұрғаны үшін қосымша төлеммен 2012 жылға белгіленгенбір ең төменгі жалақы мөлшерінде бекітілсін.
3. Ұйым басшыларына жұмыскерлердің жекелеген санатына (кәмететке

толмаған балалары бар әйелдерге, көп балалы аналарға, мүгедектерге, он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлерге) жұмысты толық емес жұмыс күні жағдайында жасау мүмкіндігін беру сонымен қатар тиісті санаттың еңбек жағдайы ерекшеліктерін есепке алу арқылы және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақытын ұйымдастырудың икемді нысандарын қолдану ұсынылсын.

4. Қаулыны іске асыру жөнінде іс-шараларды қабылдауды Бесқарағай аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне (Туктыбаев А.Т.) жүктелсін.

5. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары К.К. Миращева жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа еңгізіледі.

Аудан әкімі

К. Байғоносов

Бесқарағай аудандық әкімдігінің
2012 жылғы 13 қаңтардағы

№ 10 қаулысына қосымша

2012 жылы ақылды қоғамдық жұмыстар өткізілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстар түрлері, көлемдері, қаржыландыру көздері және нақты жағдайлары

№	Ұйымдар атаулары	Қоғамдық жұмыс түрлері	Атқарылатын жұмыстар көлемі	Сұраныс (жарияланған қажеттілік)	Ұсыныс (бекітілген)	Қаржыландыру көзі (бюджет)	Өткізілетін мерзімі (ай)
1	2	3	4	5	6	7	8
1	«Бесқарағай ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Мұрағат құжаттарымен жұмыс істеу, заңды тұлғалардың өтініштерін және қызметтік хат-хабарларды сканерден өткізу және басып шығару; хат-хабарларды жеткізу; аумақтарды жинау.	50 құжат; 40 құжат; 1200 шаршы метр	6	6	жергілікті бюджет	
	10 ауылдық округ әкімдері аппаратының мемлекеттік мекемелері: Баскөл ауылдық округі	Шаруашылық кітаптарды анықтау, мұрағат құжаттарымен жұмыс істеу бойынша сұрауларға қатысу; аумақты жинау, өңірдің					

2	Беген ауылдық округі, Бесқарағай ауылдық округі, Глуховка ауылдық округі, Долон ауылдық округі, Канонерка ауылдық округі, М-Владимировка ауылдық округі, Семеновка ауылдық округі, Семияр ауылдық округі, Сосновка ауылдық округі	экологиялық жағдайын жақсарту, (көгалдандыру және көркейту); ғимараттарды жөндеу және қызмет көрсету жұмыстары, маусымдық от жағу жұмыстары; мал емдейтін санитарлық алдын алудың шараларына қатысу; мәдениеттік маңызы бар ауқымды шараларды ұйымдастыруға көмек көрсету	31 ауыл; халықтың (жалпы саны 23200 адам; 15 құжат; 103 гектар; 600 шаршы метр; 2 рет 12 шара	40 40 25 24 11 11	40 40 25 24 11 11	жергілікті бюджет
3	«Бесқарағай аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Ағымдағы және мұрағат құжаттарымен, картотекамен жұмыс істеуге көмек көрсету; хат-хабарларды жеткізу; әлеуметтік жәрдемақы алушылардың материалдық-тұрмыстық жағдайларын тексеруге көмек көрсету; әлеуметтік жәрдемақылар алушылардың деректер базасын қалыптастыруға көмек көрсету; жұмысынан айырылған азаматтарға аумақтар мен ғимараттарды жинау	1000 құжат; 40 құжат; 500 рет бару; 1000 іс; 10 адам; 100 шаршы метр	3	3	жергілікті бюджет
4	«Бесқарағай аудандық экономика, қаржы және кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Мұрағат құжаттарымен жұмыс істеуге көмек көрсету; хат-хабарларды жеткізу	20 құжат; 15 құжат	2	2	жергілікті бюджет
5	«Бесқарағай аудандық ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша)	мұрағат және ағымдағы құжаттарымен, картотекамен жұмыс жасауға көмек көрсету; хат-хабарларды жеткізу; аумақтарды жинау.	40 құжат; 1000 шаршы метр	10	10	жергілікті бюджет
6	«Бесқарағай аудандық білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі	мұрағат және ағымдағы құжаттармен жұмыс жасауға көмек көрсету; хат-хабарларды жеткізу; ғимараттарды жинау және жөндеуге көмек көрсету	120 құжат; 20 құжат; 500 шаршы метр	6	6	жергілікті бюджет

7	«Бесқарағай аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлім» мемлекеттік мекемесі	Әскер қатарына шақырылған адамдардың жеке істерін, істеген қызметтерін есепке алу карталарын, әскерге шақыру құжаттарын, анкеталарын, өмірбаяндарын, анықтамаларын дайындау бойынша жұмыс істеуге көмек көрсету; мұрағат құжаттарымен жұмыс жасау, хат-хабарларды, шақыру қағаздарын жеткізу	100 іс; 20 құжат; 20 шақыру қағаздары;	5	5	жергілікті бюджет
8	«Бесқарағай ауданы бойынша салық басқармасы» мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша)	Салық хабарламаларын тіркеуге көмек көрсету; заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің салық істерін сақтау мерзімі бойынша жоюға құжаттарды дайындау үшін мұрағатта жұмыс істеуге көмек көрсету; хат-хабарларды жеткізу	2 0 0 0 хабарлама; 2000 салық ісі; 1 0 0 0 - хат-хабарлама	2	2	жергілікті бюджет
9	«Бесқарағай аудандық және ауыл шаруашылығы, ветеринария және жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Мұрағат және ағымдағы құжаттармен жұмыс істеуге көмек көрсету, хат-хабарларды жеткізу; ғимараттарды жинау	30 құжат; 80 шаршы метр	1	1	жергілікті бюджет
10	«Бесқарағай аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Мұрағат құжаттарымен жұмыс жасауға көмек көрсету; хат-хабарларды жеткізу;	30 құжат; 40 хат	2	2	жергілікті бюджет
11	«Бесқарағай аудандық Әділет басқармасы» мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша)	Мұрағат құжаттарымен жұмыс жасауға көмек көрсету; хат-хабарларды жеткізу; аумақтарды жинау	500 құжат	4	4	жергілікті бюджет
12	«Бесқарағай аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Мұрағат құжаттарымен жұмыс жасауға көмек көрсету; хат-хабарлармен хабарландыруларды жеткізу	20 папка; 30 құжат	2	2	жергілікті бюджет
		Ауданның мәдени-бұқаралық				

13	«Бесқарағай аудандық ішкі істер, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі	іс-шараларын өткізуге көмек көрсету; ағымдағы құжаттармен жұмыс жасауға көмек көрсету	15 іс-шара; 15 құжат	4	4	жергілікті бюджет
14	«Бесқарағай ауданының прокуратурасы» мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша)	Бақылаудағы істерді, материалдарды тігуге, келетін хат-хабарламалар журналын жүргізуге, мұрағат құжаттарымен жұмыс жасауға көмек көрсету, аумақтарды жинау, ғимарат жөндеу	30 материал; 15 құжат; 500 шаршы метр	2 8	2 8	жергілікті бюджет
15	«Бесқарағай аудандық орталықтандырылған кітапханасы» мемлекеттік мекемесі	Оқырмандарға қызмет көрсету бойынша жұмыс істеуге, ауданның мәдени-бұқаралық іс-шараларын өткізуге, кітап қорларымен жұмыс істеуге, газеттер мен журналдарды тігуге көмек көрсету	20 адам; 15 адам; 30 атау	2	2	жергілікті бюджет
16	«Шығыс Қазақстан облысы сот актілерін орындау жөніндегі Департаменттің Бесқарағай аудандық аймақтық сот орындаушылар бөлімі» мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша)	Ағымдағы құжаттармен жұмыс жасауға көмек көрсету; статистикалық есепті енгізуге және дайындауға көмек көрсету; кәсіпорындар мен ұйымдардың каталогымен жұмыс жасауға көмек көрсету;	20 құжат; 50 құжат; 10 кәсіпорын мен ұйым;	2	2	жергілікті бюджет
17	«Бесқарағай ауданының мемлекеттік мұрағаты» мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша)	Занды және жеке тұлғалар үшін әлеуметтік-құқықтық сипаттағы сұраныстарды орындау кезіндегі жұмыстарға көмек көрсету	150 іс	2	2	жергілікті бюджет
18	«Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы» мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының Бесқарағай аудандық бөлімшесі (келісім бойынша)	Зейнетақыны қайта есептеу үшін құжаттарды іріктеуге, зейнетақы істерімен жұмыс жасауға көмек көрсету; экология бойынша іс макеттерін дайындауға көмек көрсету; мұрағат және ағымдағы құжаттармен	2 000 зейнетақы ісі; 10 макет; 200 құжат; 6 құжат	4	4	

		жұмыс жасауға көмек көрсету; хат-хабарларды жеткізу				жергілікті бюджет	
19	«Бесқарағай ауданының аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік мекемесі	Мұрағат құжаттарымен жұмыс жасауға көмек көрсету; хат-хабарларды жеткізу; аудандық мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізуге көмек көрсету	20 құжат 15 шара	3	3	жергілікті бюджет	
20	«Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық төтенше жағдайлар бөлімі» мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша)	Мұрағат құжаттарымен жұмыс жасауға көмек көрсету; хат-хабарларды жеткізу; аумақты және ғимараттарды жинау, ғимараттарды жөндеуге көмек көрсету	100 іс 6 құжат 140 шаршы метр	2	2	жергілікті бюджет	
21	«Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің агроөнеркәсіптік кешеніндегі мемлекеттік инспекциясы комитетінің Бесқарағай ауданының аумақтық инспекциясы» мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша)	Мұрағат құжаттарымен жұмыс жасауға көмек көрсету; ветеринарлық санитарлық алдын алу іс-шараларына көмек көрсету;	20 құжат 2 рет	3	3	жергілікті бюджет	
22	«Бесқарағай аудандық медицина бірлестігі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны (келісім бойынша)	Мұрағат құжаттарымен, картотекамен жұмыс жасауға көмек көрсету, статистикалық мәліметтерді енгізу және өңдеу жұмыстарына көмек көрсету	400 құжат;	2 2	2 2	жергілікті бюджет	
23	«Шығыс Қазақстан облысының Бесқарағай аудандық соты» (келісім бойынша)	Мұрағат құжаттарымен жұмыс жасауға көмек көрсету, хат-хабарларды, шақыру қағаздарын жеткізу	140 құжат 5-10 құжат	3 2	3 2	жергілікті бюджет	
24	«Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі тіркеу қызметі комитетінің және құқықтық қызмет көрсету комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша жылжымайтын мүлік	Мұрағат құжаттарымен, картотекамен жұмыс жасауға көмек көрсету, статистикалық	260 құжат;	2	2	жергілікті бюджет	

	орталығы» Республикалық мемлекеттік казыналық кәсіпорны	мәліметтерді енгізу және өңдеу жұмыстарына көмек көрсету;				
25	Бесқарағай аудандық мемлекеттік көп салалы коммуналдық кәсіпорны	Мұрағат құжаттарымен жұмыс жасауға көмек көрсету; ғимараттарды жөндеуге және қызмет көрсетуге көмек көрсету , су құбырлары және канализациялық қатынас жолдарын қайта құруға, жөндеуге көмек көрсету	40 құжат; 1400 шаршы метр	12	12	жергілікті бюджет
26	«Бесқарағай ауданы бойынша Шығыс Қазақстан облыстық балалар–жасөспірімдер спорт мектебі» мемлекеттік мекемесі	Мұрағат құжаттарымен жұмыс жасауға көмек көрсету; хат-хабарларды жеткізу; аудандық мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізуге көмек көрсету	20 құжат 15 шара	2	2	жергілікті бюджет

Қоғамдық жұмыстардың нақты шарты:

Жұмыс аптасының ұзақтығы 5 күнді, сегіз сағаттық жұмыс күнін құрайды, екі демалыс күні беріледі, түскі үзіліс 1 сағат, жұмыс шарттардың негізінде жұмыс уақыты ұйымының икемді нысандары қолданылады. Еңбекақы төлемі жұмыс уақытын есептеу табелінде көрсетілген нақты жұмыс істеген уақыты арқылы жұмыссыздардың дербес шоттарына аудару жолымен жүзеге асырылады және орындалатын жұмыстың санына, сапасына және күрделігіне байланысты; еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық, арнайы киіммен, құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету, уақытша жұмысқа жарамсыздық бойынша әлеуметтік жәрдемақы төлеу, денсаулыққа жарақат немесе басқа зақымдану салдарынан келтірілген зияндарды өтеу; зейнетақы және әлеуметтік ақша аударымдары Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жүргізіледі. Жұмысшылардың жеке санаттары үшін (кәмелетке толмаған балалары бар әйелдер, көп балалы аналарға, мүгедектер, он сегіз жасқа толмаған жұмыскерлер) қоғамдық жұмыстардың шарттары сәйкес санаттың еңбек жағдайы ерекшеліктерін есепке алу арқылы анықталып, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмысшылар мен жұмыс берушілер арасында жасалатын еңбек келісім шарттарымен қарастырылады.